


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Бірінші курс студенттеріне арналған

АНЫҚТАМАЛЫҚ-ЖОЛСІЛТЕМЕ



Өскемен
2017

МАЗМҰНЫ

	бетт.
КІРІСПЕ	4
1 Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті туралы	4
2 Оқу үдерісін кредиттік оқу технологиясы бойынша ұйымдастырудың жалпы ережелері	5
3 Элективті пәндерге тіркелу тәртібі	8
4 Студенттердің білімін бақылау және бағалау жүйесі	9
5 Жазғы семестрді ұйымдастыру	12
6 Білім алушылардың академиялық икемділігі	13
7 Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ студенттерін қайта қабылдау және ауыстыру ерекшеліктері	14
8 Университеттің ғылыми кітапханасы	16
9 Университеттің сайты мен білім порталы	18
10 Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ студенттерінің құқықтары мен міндеттері	20
11 Академиялық күнтізбе	21
12 Қоңырау соғу кестесі	23
13 Студенттердің бос уақытын ұйымдастыру	23
14 Университет бөлімшелерінің атаулары және байланыс жасау ақпараты	24
15 Университет корпустарының орналасу жоспары	26
16 Нормативті құжаттар	27

КІРІСПЕ

Анықтамалық-жолсілтеме Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ 2017-18 оқу жылғы бірінші курс студенттеріне арналған. Ол оқу үдерісін кредиттік оқу технологиясы бойынша ұйымдастырудың негізгі ережелерін қамтиды. Онда университет және оның құрылымдық бөлімшелері туралы ақпарат, студенттерге қойылатын жалпы талаптар, олардың құқықтары мен міндеттері, студенттердің білімін бақылау және бағалау жүйесінің негізгі ережелері көрсетілген.

1 Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті туралы

Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті – Қазақстандағы алдыңғы қатарлы техникалық жоғарғы оқу орындарының бірі, оның түлектері жоғары білікті мамандар, кәсіпорындардың басшылары, металлургия, машинажасау, энергетика, сәулет өнері мен құрылыс, көлік, экономика және бизнесте, ақпараттық жүйелер салаларындағы ғалымдар ретінде танымал.

Жоғары оқу орны КСРО Министрлер Кеңесінің 1958 жылғы 5 тамыздағы Қаулысымен және ҚазКСР Министрлер Кеңесінің 1958 жылғы 30 тамыздағы «Өскемен құрылыс-жол институтын құру туралы» Қаулысымен құрылып, 1958 жылғы 1 қыркүйектен бастап жұмыс істеуде.

Бүгінде университетте төрт мыңнан артық студент оқиды. Университет түлектерін ірі өнеркәсіп, құрылыс, қаржы, көлік кәсіпорындарында және компанияларда келешекті еңбек мансабы күтуде. Ірі отандық және халықаралық компаниялар тарапынан университет мамандарына деген қызығушылық жылдан жылға өсуде.

Университеттің келесі бес ірі факультетінде:

- Инженерия факультетінде (ИФ);
- Сәулет-құрылыс факультеті (СҚФ);
- Жер туралы ғылымдар факультеті (ЖТҒФ);
- Бизнес және кәсіпкерлік мектебі (БЖКМ);
- Ақпараттық технологиялар және энергетика мектебі (АТжЭМ);

бакалавриаттың 39 мамандығы, магистратураның 36 мамандығы және PhD докторантураның 7 мамандығы бойынша оқыту жүргізіледі.

Оқыту озық білім бағдарламалары бойынша жүргізіледі; университетте төмендегідей жағдай жасалған:

- алдыңғы қатарлы салалық кәсіпорындар мен компанияларда студенттердің сынақ мерзімінен өтуі және түлектердің жұмысқа орналасуы;
- әскери атақ алып, әскери дайындықтан өту;
- кәсіптік коммуникация саласында шетел тілдері бойынша қосымша білім алу;
- көптілдік топтарда білім алу (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде).
- ішкі және сыртқы академиялық мобильділік.

Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ 2016 жылдан бастап «Ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен өту» жобасын жүзеге асыру шеңберінде CEFR – халықаралық стандартта тілдерді оқыту негізінде ағылшын тілін деңгейлі оқыту енгізілген.

Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университет – бұл:

- он екі корпус, соның ішінде үш жатақхана;
- әскери кафедра;
- «ІРГЕТАС» инженерлік зертханасы;
- «Машина жасау және көлік техникасы» зертханасы;
- «Металлургия» ғылыми-өндірістік кешені;
- «БАСТАУ» студенттік техникалық бизнес-инкубаторы;
- кітаптар данасы миллионнан артық қоры және кең ауқымды компьютерлік техника паркі бар кітапхананың оқу залдары, Интернетке еркін шығу мүмкіндігі, ақпараттық және іздестіру жүйелерінің толықмәтінді мәліметтер базасы.

Білімнің жоғары сапасы, әлемдік білім кеңістігімен бірігу, инновациялар – бұл Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті таңдаған жол!

2 Оқу үдерісін кредиттік оқу технологиясы бойынша ұйымдастырудың жалпы ережелері

Қазақстан Республикасының жоғары оқу ұйымдарында бірыңғай кредиттік оқу технологиясы (КОТ) іске асырылуда. Аталған технологияның мақсаты ұлттық оқу білім бағдарламаларын халықаралық деңгейде мойындау, білім алушылардың және оқу ұйымдары оқытушыларының икемділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру сапасын жоғарылату болып табылады.

КОТ білім алушылар мен оқытушылардың оқу жұмысының көлемін өлшеудің сәйкестендірілген бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы жүзеге асырылады. КОТ жинақтаушы болып табылады, бұл дегеніміз барлық білім деңгейлері бойынша бұрын меңгерілген кредиттерді өспелі түрде есепке алу.

КОТ кезінде төмендегі негізгі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) – оқу жылы ағымында демалыс күндері (каникул мен мерекелер) көрсетілген оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби іс-тәжірибелерді өткізу күнтізбесі;

Академиялық кезең (Term) – теориялық оқу кезеңі; Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-да бұл семестр (оқу жылы ағымында екі негізгі семестр – күзгі (бірінші) және көктемгі (екінші) әрекет етеді, және де қосымша жазғы семестрлер);

Академиялық икемділік – бұл білім алушылардың өз жоғары оқу орнында кредиттер түрінде меңгерген білім бағдарламаларын міндетті түрде қайта сынақтап, басқа жоғары оқу орнында (ел ішіндегі немесе шетелдегі) белгілі академиялық кезеңде (семестрде немесе оқу жылында) оқу үшін немесе басқа жоғары оқу орнында оқуды жалғастыру үшін ауысуы;

Білім алушының академиялық рейтингісі (Rating) – пәндердің оқу бағдарламасын студенттің меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші (100 балл

шәкілі бойынша белгіленеді);

Бакалавр – жоғарғы оқу орында білім беру бағдарламасын меңгерген білім алушыға берілетін дәреже;

Белсенді үлестірме материалдар (БҮМ) (Hand-outs) – тақырыпты шығармашылықпен табысты игеруге білім алушыны уәждемелеу үшін оқу сабақтарында таратылатын көрнекі суреттер бейнеленген материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өздік жұмысқа арналған тапсырмалар);

Білім алушыны қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) – мемлекеттік жалпы міндетті білім стандартымен қарастырылған оқу пәндерінің көлемін білім алушылардың меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін процедура. Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-да білім алушыларды қорытынды аттестаттауға Қазақстан тарихынан тапсырылатын мемлекеттік емтихан – әдетте, бірінші курста тапсырылады; мамандық бойынша мемлекеттік емтихан және бітіруші курста дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау немесе бітіруші курста мамандық бойынша мемлекеттік емтихан кіреді;

Білім алушыны аралық аттестаттау (емтихандық сессия) – білім алушы оқу пәні бөлігінің немесе пәнді зерделеп біткеннен кейінгі барлық көлемінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін процедура;

Білім алушының өздік жұмысы (одан ары – **БАӨЖ**) – тестілер, бақылау жұмыстары, коллоквиумдер, рефераттар, шығармалар және есеп беру түрінде бақыланатын оқу-әдістемелік әдебиетпен және ұсыныстармен қамтамасыз етілген, өздік зерделеуге жататын нақтыланған тақырыптар тізбесі бойынша жұмыс істеу; барлық БАӨЖ көлемі білім алушыдан күнделікті өздік жұмыс атқаруды талап ететін тапсырмалармен расталады;

Білім алушының оқудағы жетістіктері – білім алушының оқу үдерісінде меңгерген және жеке тұлғаның өсу деңгейін көрсететін білімі, білгірлігі, дағдылары және біліктілігі;

Білім алушының оқудағы жетістіктерін бақылау – білім алушының білім деңгейін сан-алуан бақылау түрлері (ағымдық, аралық және қорытынды) арқылы тексеру және аттестаттаулар;

Білім алушының үлгеріміне ағымдық бақылау жасау – оқу бағдарламасына сәйкес білім алушының білімін семестр бойы дәрісханалық және дәрісханадан тыс сабақтарда оқытушы өткізетін жүйелік тексеру;

Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттерді жинақтау (ECTS) жүйесі – білім беру бағдарламаларының компоненттеріне (пәндерге, курстарға, модулдерге) сынақ бірліктерін (кредиттерді) беру тәсілі, оның көмегімен білім беру траекториясын, оқу орнын және оқитын елін ауыстырған кезде білім алушы меңгерген оқу пәндерін (кредиттері және бағалары бар) салыстыру және қайта сынақтау жүзеге асырылады;

Жеке оқу жоспары – типтік оқу жоспары және элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушының әрбір оқу жылына өз бетімен құрылған оқу жоспары;

Кредит (Credit, Credit-hour) – білім алушының оқу жұмысы көлемін өлшеудің сәйкестендірілген бірлігі;

Кредиттік оқу технологиясы – білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемін өлшеудің сәйкестендірілген бірлігі ретінде кредитті қолданып, пәндерді зерделеу тізбектілігін таңдау және өз бетімен жоспарлау негізінде

білім алушыны оқыту;

Қорытынды бақылау – пәннің оқу бағдарламасын білім алушының меңгеру сапасын бағалау мақсатында, оның оқу жетістіктерін бақылау, ол сессия кезеңінде емтихан түрінде өткізіледі;

Межелік бақылау – бір оқу пәнінің тарауын (модулін) аяқтаған кезде білім алушының оқу жетістіктерін бақылау. Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-да бір семестрде екі межелік бақылау жүргізіледі (Межелік бақылау 1 және Межелік бақылау 2);

Оқу пәніне жазылу (Enrollment) – білім алушының оқу пәндеріне алдын-ала жазылу процедурасы;

Оқу жетістіктерін балл-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі – халықаралық тәжірибеде қалыптасқан цифрлік баламасы бар әріптік жүйеге сәйкес келетіндей, және де білім алушының рейтингісін белгілеуге мүмкіндік беретіндей оқу жетістіктерінің деңгейін балл бойынша бағалау жүйесі;

Оқытушының жетекшілігімен жасалатын білім алушының өздік жұмысы (одан ары – **ОЖБАӨЖ**) – бекітілген кесте бойынша жүргізіліп, оқытушының жетекшілігімен жасалатын білім алушының жұмысы;

Орташа үлгерім балл (Grade Point Average – GPA) – білім алушының таңдаған бағдарламасы бойынша бір оқу жылы ішіндегі оқу жетістіктерінің деңгейін орта есеппен бағалау (ағымдағы оқу кезеңіндегі кредиттердің жалпы санына аралық аттестаттауды пәндер бойынша бағалаудың цифрлік балл баламасына кредиттер сағаттары сомасының қатынасы). Білім беру порталында «Білім алушыға менюсінде» on-line GPA калькуляторы орналасқан;

Пререквизиттер (Prerequisite) – зерделенетін пәндерді меңгеру үшін қажетті білім, білгірлік пен дағдыларды беретін пәндер;

Постреквизиттер (Postrequisite) – аталған пәндерді зерделеу аяқталғаннан кейін меңгерілген білімді, білгірлік пен дағдыларды қажет ететін пәндер;

Пәннің бағдарламасы (Syllabus) – зерделенетін пәннің сипаттамасы, пәннің мақсаттары мен міндеттері, оның қысқаша мазмұны, тақырыптар және оларды зерделеу ұзақтығы, өздік жұмыс тапсырмалары, консультациялар уақыты, білім алушылардың білімін тексеру кестесі, оқытушының талаптары, білім алушылардың білімін бағалау критерийлері және әдебиеттер тізімі бар оқу бағдарламасы;

Транскрипт (Transcript) – кредиттер мен бағаларды әріп және цифр түрінде белгілеп, тиісті оқу кезеңінде меңгерілген пәндердің тізбесі көрсетілген құжат;

Тьютор – нақты пәнді меңгеру кезінде студенттің академиялық кеңесшісі рөлін атқаратын оқытушы;

Эдвайзер (Advisor) – тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгері міндеттерін атқаратын, оқу траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын құруда) және оқу кезеңінде білім бағдарламасын меңгеруге жәрдемдесетін оқытушы.

Элективті пәндер (таңдау бойынша оқылатын пәндер) – белгіленген кредиттер шегінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымдарымен енгізілетін оқу пәндері. Элективті пәндер білім алушының жеке дайындығын

көрсетеді, әлеуметтік-экономикалық дамудың өзіндік ерекшелігін және нақты бір аймақтың қажеттілігін есепке алады.

3 Элективті пәндерге тіркелу тәртібі (модулі)

Кредиттік оқу технологиясы бойынша оқу үдерісінің маңызды аспектісі студенттердің элективті пәндерге тіркелу процедурасы болып табылады. Элективті пәндер (немесе таңдау бойынша оқылатын пәндер) – бұл студенттің Элективті пәндер каталогынан (ЭПК) міндетті компонент пәндеріне қосымша таңдап алған пәндері. Міндетті компонент пәндері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпы міндетті білім стандарттарымен және Типтік оқу жоспарымен реттеленеді және студент оны міндетті түрде зерделеу керек.

2013 жылдан бастап Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ –да модульді білім беру бағдарламасы қолданылады. Білім алушыларды тіркеу эдвайзермен ұйымдастырылып, кеңес беру кезінде студенттерді мамандық бойынша типтік оқу жоспарымен, элективті пәндер каталогымен таныстырып, студенттерді мамандықтың талабына сәйкес өзекті элективті курстарға бағыттайды. Эдвайзермен кеңесінен кейін білім алушылар модульдерді таңдайды, эдвайзер студенттерді тіркейді. Студенттерді тіркеуді бақылау Тіркеуші офісімен жүзеге асырылады.

Тіркелу нәтижесі жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) қалыптастыру болып табылады, онда міндетті компоненттің де, таңдау бойынша оқылатын компоненттің де (элективті пәндердің) оқу пәндері (кредиттер саны көрсетіліп) белгіленеді. Білім алушыларды элективті пәндерді зерделеуге тіркеуді деканаттар мен эдвайзерлер ұйымдастырады; студенттердің тіркелуін бақылауды Тіркеуші офісі жүзеге асырады.

2017-18 оқу жылында элективті пәндерге тіркелу мерзімдері:

- 1 курс студенттері үшін – 2017ж. 28 тамыз-2 қыркүйек,
- 2, 3, 4 курс студенттері үшін – 2018ж. 12 – 24 наурыз аралығында.

Студент таңдаған траекториясы есепке алынып, ЖОЖ *әрбір оқу жылына құрылады*. ЖОЖ негізінде академиялық ағымдар мен топтар құрылады, ал егер қандай да бір немесе тағы басқа бір пәнге жазылғандар саны жеткіліксіз болса, студенттерге ЖОЖ түзету қажеттілігі туралы мәлімет беріледі.

ЖОЖ-ның дұрыс құрылуына студенттер толық жауапты. Жіберілген қателер табылған жағдайда, эдвайзерге немесе Тіркеуші офісіне жедел түрде ақпарат беру қажет.

Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-де студенттердің элективті курстарға электронды жазылу жүйесі, сондай-ақ студенттер таңдауын тіркеудің және ЖОЖ құрудың электронды жүйесі жұмыс істейді. Аталған жүйе туралы Анықтамалық-жолсілтеменің 9-тарауында жазылған.

4 Студенттердің білімін бақылау және бағалау жүйесі

Кредиттік оқу технологиясы кезінде студенттердің білімін бақылау және бағалау балл-рейтингтік бағалау жүйесі бойынша жүзеге асырылады, ол семестр ағымында төмендегі бақылау түрлерін ұйғарады:

- ағымдық;
- межелік (онда балл қойылады – межелік бақылау 1 және межелік бақылау 2);
- қорытынды (емтихан).

Бұл кезде семестр ағымындағы бақылауға қорытынды бағадан – 60%, ал емтиханға – 40% беріледі. Студенттің білімі әріптік бағалау жүйесі бойынша бағаланады, ол 100 балл шәкілі бойынша белгіленген балл санына және төрт балл жүйесі бойынша цифрлік баламаға сәйкес келеді. Аталған бағалау жүйесі 1-кестеде көрсетілген. Әріптік бағалау баламасы және оның төрт балл шәкілі бойынша белгіленетін мәні академиялық кезеңнің (семестрдің) қорытындысы бойынша студенттің сынақ кітапшасына қойылады.

1-кесте – Білім алушының оқу жетістіктерін әріптік бағалау жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Цифрлік балл баламасы	%-дық мәні (100 балл шәкілі бойынша балл саны)	Дәстүрлік жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Үздік
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

Ағымдық бақылау – бұл кәсіптік оқу бағдарламасына сәйкес студенттер білімін жүйелі түрде тексеру. Аталған бақылау түрін оқытушы сабақ кестесіне және өздік жұмысы графигіне орай дәрісханалық және дәрісханадан тыс өтетін сабақтарда барлық оқу семестрі ағымында жүзеге асырады. Ағымдық бақылау студенттің күн сайынғы әдеттегі жұмысын ынталандыруға арналған. Ағымдық бақылау түрлері жеке үй тапсырмаларын, зертханалық-тәжірибелік жұмыстарды орындау және тапсыру, дәріс алған кезде жедел сауалдамаға ауызша жауап беру, дәрістер конспекттерінен жасау, сабақтарға қатысу және т.с.с болып табылады. Ағымдық бақылау түрлері және олардың саны пәндердің ерекшеліктеріне байланысты. Пәндер бойынша жасалған силлабуста ағымдық бақылау түрлері және олардың әрқайсысын орындағаны үшін белгіленген балл

саны міндетті түрде көрсетілген. Семестр басында алғашқы сабақтарда оқытушы студенттерді ағымдық бақылау түрлерімен және аталған бақылау түрлері бойынша балл бөлумен, сондай-ақ оларды тапсыру мерзімімен таныстыру керек. Оқытушы әрбір студенттің нақты балл санын тиісті бақылау түрі бойынша, оның білім және білгірлік деңгейіне байланысты қояды.

Межелік бақылау – бұл бір оқу пәнінің үлкен тарауын аяқтаған кезде студенттің оқу жетістіктерін бақылау. Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-да аталған бақылау түрі бір семестрде екі рет өткізіледі (Академиялық күнтізбені қара, Анықтамалық-жолсілтеменің 11-тарауы) және 100 балл шәкілі бойынша қойылатын Межелік бақылау 1 (МБ1) және Межелік бақылау 2 (МБ2) балл түрінде белгіленеді. Әрбір межелік бақылау (рейтинг) бағасы студенттің ағымдық бағаларынан, бағалау кезеңінде алған, және межелік тест үшін алған бағасынан құралады. МБ1 (МБ2) үшін максималды балл – 100 балл.

Қорытынды бақылау (сессиялық емтихан) – студенттердің білімін, олардың пән және оның барлық тақырыптары мен тарауларының өзара байланысы туралы біртұтас ұғымын жүйелендіру үшін арналған. Қорытынды бақылау емтихан сессиясы кезінде емтихан түрінде жүргізіледі (Академиялық күнтізбені қара). ШҚМТУ 1, 2 және ішінара 3, 4 курс студенттері шығармашылық пәндерден басқа емтихандарды компьютерлік тестілеу түрінде тапсырады. Қорытынды бақылау процедурасы ШҚМТУ ҚП 808-III-2013 «Білім алушылардың білімін қорытынды бақылау және бағалау» құжаттамаланған процедурасымен реттеленеді (Сіз аталған нормативті құжаттың негізгі ережелерімен деканаттың ақпараттық стендісінен таныса аласыз, құжаттың толық болжамы университеттің оқу порталында орналасқан).

Студенттің әрбір пән бойынша қорытынды бағасы келесі формула бойынша анықталады:

$$ҚБ = \frac{МБ1 + МБ2}{2} \times 0,6 + E \times 0,4,$$

мұнда ҚБ – пән бойынша қорытынды баға;

МБ1 және МБ2 – сәйкесінше 1 және 2 межелік бақылау (рейтинг) үшін қойылған балл;

E – емтихан үшін қойылған баға (100 балл шәкілімен).

Қорытынды баға әріп және цифр түрінде студенттің сынақ кітапшасына және транскриптке қойылады.

Пән бойынша қорытынды бағаны анықтау мысалы:

Қандай да бір N студент семестр бойы пән бойынша бірінші межелі бақылау үшін – 60 балл, ал екінші межелі бақылау үшін 80 балл алды деп есептейік (әрбір межелік бақылау бойынша 100 максималды мүмкінді балл ішінен). Компьютерлік сыныпта өткен емтиханнан ол 100 мүмкінді балл ішінен E=65 балл емтихан бағасын алды.

Сонда жоғарыда келтірілген формула бойынша N студентінің қорытынды бағасы:

$$ҚБ = \frac{60+80}{2} \times 0,6 + 65 \times 0,4 = 70 \times 0,6 + 65 \times 0,4 = 42 + 26 = 68 \text{ балл.}$$

1-кесте бойынша студенттің қорытынды бағасы 2,0 (С) – «қанағаттанарлық» болады. Аталған нәтиже сынақ кітапшасына және транскриптке енгізіледі.

Егер білім алушы емтиханнан қанағаттанарлықсыз F(0) бағасын алатын болса, яғни емтихан үшін 50 баллдан аз алса, онда межелі бақылаудың кез келген мәнінде оның қорытынды бағасын есептеу жүзеге асырылмайды және тізімдемеге F(0) – «қанағаттанарлықсыз» бағасы қойылады.

Әрбір пән бойынша емтиханға кіру рұқсатын алу үшін студент семестр ағымында $\frac{МБ1+МБ2}{2} \geq 50$ балл жинау керек, басқадай болған жағдайда оған емтиханды тапсыруға рұқсат берілмейді, және де аталған пән жазғы семестрде зерделеніп, межелік бақылау балл санын арттыруға қалдырылады. Егер оқу жоспарында пән бойынша курстық жобаны (жұмысты) орындау және қорғау қарастырылса, онда студент аталған пән бойынша емтиханға тек қана $\frac{МБ1+МБ2}{2} \geq 50$ болған кезде, және де курстық жобаны (жұмысты) жақсы тапсырған жағдайда жіберіледі. Сонымен қатар, студент пән бойынша емтиханға кіру рұқсатын алу үшін, оның аталған пәннің пререквизиттері бойынша академиялық берешектері болмау керек.

Ақылы (шарт) негізінде оқитын студенттер үшін сессияны тапсыруға рұқсат алудың міндетті шарты оқу төлемақысы бойынша берешектердің болмауы болып табылады.

Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-да қорытынды бақылау (емтихан) өткізудің екі негізгі түрін қолданылады:

- компьютерлік тестілеу түрінде (әдетте, 1-2 курс студенттері үшін және ішінара 3, 4 курс студенттері үшін);

- емтихан түрінде – қағазға жазылған сұрақ-кітапшаларын қолданып, тестілеу түрінде, немесе емтихан билеттерін қолданып, ауызша немесе жазбаша түрде.

Барлық студенттер міндетті түрде емтихан тапсырады. Емтихан бағаларын автоматты түрде қоюға тыйым салынады.

Компьютерлік тестілеу түріндегі емтихандар университеттің компьютерлік сыныптарында өткізіледі.

Қорытында бақылау бойынша оң бағаны аралық аттестаттаудың сол кезеңінде (яғни ағымдағы емтихан сессиясы кезеңінде) жоғарылату мақсатымен қайта тапсыруға рұқсат берілмейді. Емтиханды қайта тапсыру үшін студент келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде аталған пән бойынша оқу жұмыс жоспарымен қарастырылған оқу сабақтарының барлық түрлеріне қайтадан қатысып, рұқсат алады да, қорытынды бақылауды тапсырады. Сонда транскриптке студенттің барлық қорытынды бағалары жазылады.

Жазғы семестрдің нәтижелері есепке алынып, курстың емтихан сессияларының қорытындылары бойынша GPA баллы білім алушының оқу

жетістіктері деңгейінің орташа есеппен алынған бағасы ретінде есептелінеді. Студентті келесі курсқа көшіру үшін оқу жылына белгіленген (GPA) орташа көшіру мәнінен кем болмауы тиісті. орташа көшу баллы (GPA) белгілі бір көшіру мәнінен кем болмауға тиіс. ШҚМТУ студентті курстан курсқа көшіру үшін GPA көшіру мәнін жыл сайын университет ректорының бұйрығымен белгілейді.

ШҚМТУ студентінің әрбір оқу жылына арналған GPA білім порталында студенттің оқу жетістіктерінің орташа есеппен алынған баға деңгейі ретінде келесі формула бойынша анықталады:

$$GPA = \frac{ИЦ_1 \times K_1 + ИЦ_2 \times K_2 + \dots + ИЦ_n \times K_n}{K_1 + K_2 + \dots + K_n}$$

мұнда $ИЦ_1, \dots, ИЦ_n$ – пәндер бойынша өткен оқу курсындағы қорытынды бағалары (цифрлік баламада);

K_1, \dots, K_n – курс бойынша кредиттер түрінде зерделенген пәндер көлемі (ЖОЖ-да келтірілген),

n – өткен оқу курсындағы зерделенген пәндер саны.

2017-2018 оқу жылы аяқталған соң Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-да бакалавриатта күндізгі оқу түрінің орта білім негізінде оқитын студенттер үшін төмендегі GPA мәндері белгіленген болатын:

- 2 курсқа көшіру үшін – 1,6;
- 3 курсқа көшіру үшін – 1,85;
- 4 курсқа көшіру үшін – 2,15;
- 5 курсқа көшіру үшін (5B042000, 5B042100 мамандықтары үшін) – 2,15.

2017-2018 оқу жылы аяқталған соң Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-да бакалавриаттың күндізгі оқу түрінің орта кәсіптік білім негізінде қысқартылған бағдарлама бойынша оқитын студенттер үшін төмендегі GPA мәндері белгіленген болатын:

- 2 курсқа көшіру үшін – 1,5;
- 3 курсқа көшіру үшін – 1,7.

Егер студент GPA санын белгіленген мәннен аз жинаса, ол ақылы негізде қайта оқу жылына қалдырылады. Қайта оқу жылында ол меңгермеген пәндерді зерделеп, қажет болған жағдайда бұрын оқыған пәндер бойынша бағаларын көтереді. Қайта оқу жылына қалдырылған мемлекеттік білім беру гранты бойынша білім алушылар мемлекеттік гранттан айрылып, ақылы негізде оқуды жалғастырады.

5 Жазғы семестрді ұйымдастыру

Жазғы (қосымша) семестр (Академиялық күнтізбені қара) оқу жылының негізгі семестрлеріне қосымша түрде ұйымдастырылады. Жазғы семестрде студенттердің мынадай мүмкіндіктері бар:

- өзінің академиялық бережектерін жою;
- GPA жоғарылату мақсатында жеке пәндерді қайта тапсыру;
- өз қалауы бойынша қосымша пәндерді зерделеу.

Сол сияқты жазғы семестр білім алушылардың академиялық икемділігі шегінде (Анықтамалық-жолсілтеменің тиісті тарауын қара) білім алушылардың басқа жоғары оқу орындарда жеке пәндер бойынша оқуы үшін қолданылады.

Жазғы семестрде білім алу әрбір оқу жылына белгіленетін 1 кредит құнының есебінен ақылы негізінде ғана жүзеге асырылады (аталған пәндердің кредиттер санына байланысты). Жазғы семестрде білім алу кезінде студент аталған пән бойынша оқу жұмыс жоспарымен қарастырылған оқу сабақтарының барлық түрлеріне қайтадан қатысады, рұқсат алады және қорытынды бақылауды (емтиханды) тапсырады.

Жазғы семестрде білім алуға тіркелуді студенттің жеке өтініші негізінде Тіркеуші офісі (Басты корпусстың бағана залы, Г-1-235 дәрісхана) жүзеге асырады.

6 Білім алушылардың академиялық икемділігі

Қазақстан Республикасы Болонья декларациясына қосылу құрметіне ие болған және еуропалық білім беру кеңістігінің толық құқылы қатысушысы атанған тұңғыш Орта Азиялық мемлекет болып табылады. Халықаралық білім беру кеңістігіне бет бұрудың ең басты мақсаты – қазақстандық жоғары білім беру сапасын әлемдік стандарттарға сәйкес қамтамасыз ету, оның тартымдылығын және бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату.

Болонья декларациясының негізгі қағидаларының бірі студенттер мен оқытушылардың академиялық икемділігі болып табылады.

Білім алушының (студенттің) академиялық икемділігі – бұл білім алу үшін, өз жоғары оқу орнында кредиттер түрінде зерделенген білім беру бағдарламаларын белгіленген тәртіпте міндетті түрде қайта сынақтап, олардың басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) белгілі бір академиялық кезеңге (әдетте, семестрге немесе оқу жылына) ауысуы.

Академиялық икемділіктің екі түрі бар:

- ішкі – Қазақстан Республикасының оқу орындарында оқу;
- сыртқы – шетелдік жоғары оқу орындарында оқу.

Университетте академиялық икемділік бағдарламаларын үйлестіруді Халықаралық ынтымақтастық бөлімі (тел. 26-25-33) – сыртқы икемділік мәселелері бойынша және Тіркеуші офісі (Г-1-235, тел. 540-498) – ішкі икемділік мәселелері бойынша жүзеге асырады.

Академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру процедурасы «Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ Академиялық ұтқырлық709-III-2016 ҚП» құжаттандырылған тәртіппен (құжаттың толық версиясы университеттің оқу-білім беру порталында орналастырылған).

Басқа оқу орында оқу үшін студент академиялық икемділік шегінде (өз бетімен немесе үйлестірушінің көмегімен) жоғары оқу орнын (ел ішінде немесе шетелде) тандайды, зерделеу үшін пәндер тізбесін анықтайды және бағдарламалардың үйлестірушісіне өтінім береді. Серіктес жоғары оқу орынның ресми шақыруын алған соң, тандаған оқу орнында оқу үшін студент жеке оқу жоспарын құрайды және аталған жоспар жөнінде шығарушы кафедралармен немесе деканатпен келіседі.

Үйлестіруші (қажет болса) Студенттер арасында конкурс өткізу комиссиясының жұмысын ұйымдастырады. Конкурслық іріктеудің негізгі критерийлері:

- шет тілін білу деңгейі (ХЫ Бөлімі әзірлеген өлшеммен бағаланады ОМС);

- Білім туралы құжаттың орта баллы;

- білім алушылардың академиялық кезеңнің аяқталуы бойынша ағымдағы үлгерімі (тіркеуші офисімен расталады);

- Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ академиялық ұтқырлық шеңбері бойынша білім алушылар үміткерлері үшін бір академиялық кезеңнің аяқталуы.

Академиялық ұтқырлық шеңберіндегі білім алушыларды қаржыландыру:

1) мемлекеттік білім беру тапсырысымен білім алушылар үшін республикалық бюджет қаражаттарынан;

2) Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ ақылы қызметтерін жүзеге асыратын кірістерден;

3) жұмыс берушілердің гранттарынан, әлеуметтік, академиялық және ғылыми серіктестердің, халықаралық және отандық қорлардан және стипендиялардан;

4) білім алушылардың жеке қаражаттарынан жүзеге асады

Ішкі академиялық икемділік шегінде студент Қазақстан Республикасындағы таңдаған оқу орнында (немесе шетелдік оқу орнында – серіктес жоғары оқу орынның келісімі бойынша) жазғы семестр ағымында оқи алады. Еліміздің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары өз білім порталдарында on-line режимінде жазғы семестрде оқуға тіркелу мүмкіндіктерін қарастыруда. Тіркелу тәртібі, мерзімі және оқу шарттары туралы ақпаратты оқу орындарының ресми сайттарынан таба аласыз немесе университеттің академиялық икемділік мәселелері жөніндегі үйлестірушіден консультация алуға болады.

Студент қабылдаушы оқу орыннан қайтып келгеннен кейін өз оқу орнына транскрипті және аванстық есепті ұсынады (республикалық бюджеттің, оқу орынның қаражаттары есебінен оқыған жағдайда). Транскрипт негізінде ECTS типі бойынша кредиттерді қазақстандық жүйемен қайта сынақтауға сәйкес білім алушының кредиттерін міндетті түрде қайта сынақтау жүзеге асырылады (ECTS, немесе European credit transfer system – кредиттерді еуропалық аудару жүйесі).

7 Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ студенттерін қайта қабылдау және ауыстыру ерекшеліктері

Университетте студенттерді қайта қабылдау және ауыстыру тәртібі «Д.Серікбаев атындағы студенттерді қайта қабылдау және ауыстыру Ережелерімен» ШҚМТУ 706-V-2016 ҚТ құжаттандырылған тәртіппен реттелген.

Күндізгі оқу түрі бойынша білім алушылардың ауысу немесе қайта қабылдау туралы өтініштері университет ректорымен жазғы және қысқы

каникул кезеңінде (оқу семестрі басталғанына дейін бес жұмыс күнін кешіктірмей қарастырылады). Сырттай оқу түріне ауысу және қайта қабылдау туралы өтініш бір айдың ішінде кезекті емтихандық сессия басталғанға дейін бес күннен кешіктірмей қабылданады. Білім алушылар бірінші академиялық кезеңдегі игерілетін жеке оқу жоспардың толық аяқталуынан кейін ауыса немесе оқудан шығарылғаннан кейін қайта қабылдана алады.

Білім алушыны қайта қабылдау немесе ауыстыру кезінде бұрын өткен академиялық кезеңде зерделенген оқу жұмыс жоспарларындағы пәндердің айырмашылықтары нақтыланады. Оқу жұмыс жоспарларындағы пәндердің академиялық айырмашылығын факультет деканы (деканның оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары) анықтайды. Белгіленген курсқа ауыстыру және қайта қабылдау оқу жоспарындағы пәндердің айырмашылығының көлемі (пререквизиттерді игеруге қажетті есеппен) 30 кредиттен аспайтын жағдайда сол курсқа жүзеге асады

Егер пәндердің айырмашылығының және пререквизиттердің көлемі үлкен кредиттер санын құраса, ауысу мен қайта қабылдау тиісті курсқа жүзеге асырылады.

Оқу жұмыс жоспарындағы пәндер академиялық айырмашылығын жою тәртібі мен мерзімі факультет деканының өкімімен ресімделеді.

Оқу жұмыс жоспарындағы пәндер академиялық айырмашылығын жою үшін білім алушы академиялық кезең ағымында оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, оқу жоспарымен қарастырылған ағымдағы және аралық бақылаудың барлық түрлерін тапсырады және қорытынды бақылауды тапсыруға рұқсат алады.

Оқу жұмыс жоспарындағы пәндер академиялық айырмашылық жазғы семестр кезінде жойылмаса келешекте академиялық берешек болып саналады.

ЖОО оқудан шығарылған білім алушы ШҚМТУ білім алушыларының санына оқудан шығарылған мерзіміне қарамастан кез келген оқу түріне және кез келген мамандыққа оқуға қайта қабылданады. Білім алушылардың санына ақылы түрде жүзеге асырылады.

Оқу жұмыс жоспарындағы пәндер академиялық айырмашылығы белгіленген мерзімде (бір академиялық кезең ағымында) жойылмаған болса, әрі қарай ол академиялық берешек ретінде есепке алынады.

Жоғары оқу орнынан шығарылған білім алушы, оқудан шыққан мерзіміне қарамастан, ШҚМТУ студенттері қатарына кез келген оқу түріне және кез келген мамандыққа қайта қабылдана алады. Білім алушылар қатарына қайта қабылдау ақылы негізінде ғана жүзеге асырылады. Қайта қабылдау туралы өтініш кезектегі академиялық кезеңнің басталуына дейін бес жұмыс күнін кешіктірмей (күндізгі оқу түрі үшін), және де емтихандық сессияның басталуына дейін 1 ай қалғанда (сырттай оқу түрлері үшін) қабылданады.

Бекітілген GPA көшу балл санын жинай алмаған білім алушы, қайтадан оқу жылына қалдырылады.

Қайтадан оқу жылы университеттің басшысының (ОӘЖ проректорының) бұйрығымен беріледі. Қайтадан оқу жылына қалтырылған білім алушы ағымдағы оқу жылының 25тамызына дейін «Жоғары білімді маман даярлауда

білім беру қызметтерін көрсету шартына (қайта оқу жылы)» қол қоймаған жағдайда академиялық үлгермеушілігі үшін оқудан шығарылады.

Егер жазғы семестрден кейін студент, академиялық берешектері бола тұрып, белгіленген көшу балл санын (GPA) жинаса, онда ол келесі курсқа көшіріледі. Бекітілген көшіру балл санын (GPA) жинаған және келесі курсқа көшірілген білім беру гранты бойынша оқитын студенттің академиялық берешектері бар болған жағдайда, ол білім беру грантынан айырылмайды. Академиялық берешектер ақылы негізінде жойылады (студент білім беру грантының иегері ме, не болмаса шығындарды толық өтеумен шарт жағдайында оқи ма, соған қарамастан).

Бір мамандықтан басқа мамандыққа, бір оқу түрінен екінші оқу түріне ауысу тек қана ақылы негізде оқу үшін жүзеге асырылады. Білім алушылардың ШҚМТУ-дан ұлттық жоо ауысуы тек қана ақылы түрде жүзеге асырылады.

Орта кәсіптік білім негізінде оқытындарды бір мамандықтан басқа мамандыққа ауыстыру ҚР БҒМ-нің 21.06.2010ж. №316 «Қазақстан Республикасының Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары классификаторының және де Техникалық, кәсіби және орта білім беруден кейінгі кәсіптер мен мамандықтар классификаторының Сәйкестілік кестесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

8 Университеттің ғылыми кітапханасы

Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ студенттерінің Университеттің ғылыми кітапханасының кітап қорын және ақпараттық ресурстарын пайдалану құқығы бар.

Ғылыми кітапхананы пайдаланудың негізгі ережелері

- Кітапхана – мәдениет мекемесі. Мұнда театрдағыдай барлығы да киім ілу орнынан басталады. Сыртқы киімді гардеробқа тапсыру керек.
- Оқу билеті – ол тек қана рұқсаттама емес, сондай-ақ ол сіз үшін кітапқа тапсырыс беріп, оны алуға қажетті негізгі құжат. Оны үйде ұмытпаңыз, жоғалтпаңыз және де басқа адамның қолына бермеңіз. Әрбір оқу жылының басында оқырмандар оқу билеттерін қайта тіркеу қажет. Қайта тіркеуден өтпеген оқырмандарға кітапханада қызмет көрсетілмейді.
- Абонементтерден әдебиетті «үйге» алу мүмкіндігі бар. Әрбір семестрдің басында Кітап беру кестесіне сәйкес оқу әдебиетін жаппай беру өткізіледі, бұл кестеде белгілі бір топқа оқулықтарды беру уақыты мен орны белгіленіп, кітапхана сайтында орналастырылады, сондай-ақ деканаттар мен кітапхананың хабарлама стендтеріне де ілінеді.
- Түсінбестік пен жағымсыз жағдайды болдырмас үшін кітапты белгіленген мерзімде қайтарып, әдебиетті уақытылы тапсыруды ұмытпаңыз.
- Оқу залында пайдалану үшін оқу мен ғылыми үдеріске қажетті әдебиеттер беріледі. Бұл оқулықтар және оқу құралдары, ғылыми және анықтамалық баспалар, сирек кездесетін кітаптар және мерзімді баспалар, электронды баспалар.

- Кітапхана қорынан алынған баспаларды жоғалтпаңыз. Жоғалған немесе бүлінген баспалардың орнын дәл сондай немесе тең бағалы баспамен кітапханаға толтыруға (кітапхананың қалауына қарай), немесе баспаның нарықтық құнын өтеуге Сіз міндеттісіз.
- Қарым-қатынас құру әдептілігін сақтаңыз! Беделді университет студентінің атына кір келтірмеңіз!

Ғылыми кітапхана бөлімшелерінің жұмыс кестесі

Ғылыми кітапхана жексенбі, мейрам және тазалық күндерден басқа уақытта, күн сайын жұмыс істейді. Әр айдың соңғы жұмасы – тазалық күні. Әмбебап оқу залы – 08.00-ден бастап 19.00-ге дейін, салалық оқу залдары мен абонементтер 08.30-ден бастап 17.30-ға дейін жұмыс істейді.

Сенбі күні әмбебап оқу залы және оқу әдебиеттерінің абонементі 09.00-ден бастап 13.00-ге дейін жұмыс істейді.

Ғылыми кітапхананың құрылымы

Университеттің ғылыми кітапханасы 14 бөлімшеден тұрады.

Оқу залы (425 отыру орны бар 5 зал):

- Әмбебап оқу залы – Г-Б-101 дәрісханасы;
- Мерзімді баспалардың және нормативті-техникалық, патенттік құжаттардың оқу залы – Г-1-223 дәрісханасы;
- Өнер, сәулет өнері және дизайн әдебиеттерінің оқу залы – Г-2-206 дәрісханасы;
- Ғылыми қызметкерлер, аспиранттар мен магистранттардың оқу залы – Г-Б-108 дәрісханасы;
- «Тілашар» ғылыми-білім алу орталығы – Г-2-309

КАО (Кітапханалық-ақпараттық орталық) Г-1-135:

- Оқу әдебиеттерінің абонементі – Бас корпус, бағана залы Г-1-135;
- Компьютерлер залы Г-1-135.
- Ғылыми және көркем әдебиеттер абонементі – Г-Б-100 дәрісханасы;

б мамандандырылған бөлім:

- Сирек кездесетін кітаптар секторы бар қорларды сақтау – Г-Б-100 дәрісханасы;
- Әдебиеттерді толықтыру, есепке алу және ғылыми өңдеу – Г-Б-105 дәрісханасы;
- Ғылыми-библиографиялық – Г-Б-106 дәрісханасы;
- Кітапхананың даму секторы – Г-Б-105 дәрісханасы;
- Каталогтар залы – Г-Б-100 дәрісханасы;
- Әскери кафедра жанындағы кабинет – №5 корпус.

Ғылыми кітапхана қорынан кітаптар алу тәртібі

- Біріншіден оқу әдебиеттері абонементінде кітапханаға жазылу керек, осы жерде Сізге ағымдағы семестрде қолданылатын оқулықтар жиынтығы беріледі.

- Қажетті баспаны іздестіру үшін электронды немесе карточкалы каталогтардан қараңыз. Іздестіруде қиындық туған жағдайда, кезекші библиографтан көмек сұраңыз.
- Каталогтан кітаптың шифрін, автордың аты-жөнін, кітаптың атауын және шығу жылын көшіріп жазыңыз.
- Жазбаша тапсырысты оқу залының немесе абонементтің кітапханашысына беріңіз.

Маңызды! 1-семестрдің басында міндетті түрде "Кітапхана-библиографиялық білім негіздері" сабақтарына қатысыңыз. Тәжірибе жүзінде өздік жұмысы әдістерін қолданып, кітапханаға жиі барып тұрыңыз, сонда ғана алған біліміңіз білгірлік және дағдыға айналады.

Университет сайтының кітапхана беті

Университет сайтының ғылыми кітапхана бетіне келесі сілтеме арқылы кіре аласыз: <http://www.ektu.kz/researchlibrary/library.aspx> және <http://www.ektu.kz> – **Ғылым және инновациялар – Ғылыми кәтапхана**. Сайттағы кітапхана беті үлкен ақпараттық әлуетке ие. Одан сіз кітапхананың электронды каталогын, толықмәтінді электронды кітапхананы, Виртуалды анықтамалық қызметті таба аласыз, жаңа түсімдер тізімін көре аласыз, өзіңіздің электронды оқырман формулярын тексере аласыз және көптеген т.с.с. Сайттағы кітапхана беті жүйелі түрде жаңартылып отырады.

Кітапхананың электронды ресурстары

- Ғылыми кітапхананың электронды каталогі;
- Оқулықтардың толық мәтіндері бар ШҚМТУ электронды кітапханасы;
- «Параграф», «АИПС», «SANA», «Патенты РК», «DEREK-INFO», «ZERDE», «ЕРЕЖЕ» анықтамалық-іздестіру толықмәтінді деректерінің қоры;
- Интернет арқылы басқа кітапханалардың және ұйымдардың шалғай жатқан электронды ресурстары;
- Электронды оқулықтар, энциклопедиялар, сөздіктер, анықтамалар.


Университеттің ғылыми кітапханасы барлық оқу жылдар бойы семинарлар мен тәжірибелік сабақтарға дайындалу кезінде, рефераттар, курстық және дипломдық жобалар жазу кезінде ең басты көмекшіңіз болады. Кітапханаға жиі келген сайын, оқудағы жетістіктеріңіз өсіп, болашақтағы кәсіпке деген дайындығыңыз жетік болады.

Университетің Ғылыми кітапханасына қош келдіңіз!

9 Университеттің сайты мен білім порталы

Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ сайтының адресі: <http://www.ektu.kz/>

Сайт біздің жоғары оқу орын туралы ресми ақпаратты пайданушыларға үш тілде ұсынады: жоғары оқу орнында болып жатқан негізгі уақиғалар, факультеттер мен кафедралар туралы ақпарат, конференциялар туралы мәлімет және т.б. Сайт картасы Сізге қажетті ақпаратты тез табуға көмектеседі.



Ғылыми кітапхананың электронды каталогы біздің кітапханамыздан қажетті әдебиетті тез табуға мүмкіндік береді. Өз кафедралар беттерінде бакалаврлар, диплом жазушылар және т.с.с үшін көп пайдалы ақпарат таба аласыздар. Оқытушылар фотосуреттері бар кафедра құрамы туралы ақпаратқа да қол жеткізуге болады. Ректордың блогына кіріп, университет ректоры **Шаймарданов Жасулан Кудайбергеновичке** өз сұрақтарыңызды қою мүмкіндігі бар.

ШҚМТУ білім порталының адресі: www.do.ektu.kz.

«Dales» білім порталы – бұл оқу үдерісінің барлық кезеңдерін – сабақ кестесінен бастап үлгерімге дейін қамтитын жүйе. Студенттер үшін «Білім алушыға» атты жеке қосымша беті қарастырылған.

Атап айтқанда:

- Академиялық күнтізбе күндері көрсетілген негізгі оқу кезеңдерінен тұрады.
- Оқу жоспарлары сілтемесінде белгіленген сағаттар мен бақылау түрлері көрсетілген семестр бойынша пәндер тізбесін көруге болады, әрі қарай Оқу құралдары сілтемесінен нақты бір пән бойынша оқытушылар ұсынған оқу материалдарын қарап, көшіріп алуға болады.
- Топтар кестесінен және Оқытушылар кестесінен деректер алуға болады.
- Элективті пәндерді таңдау сізге өз оқу траекторияңызды оқу жылында таңдау бойынша курстарға электронды жазылу жүйесінде анықтауға

мүмкіндік береді. Сол жерде аталған қосалқы жүйені қолдану Нұсқаулығы келтірілген.

Бұл функцияны пайдалану үшін өзіңіздің жеке логин мен пароліңізді білу қажет. Авторизациялауға арналған логин мен паролді өз факультетіңіздің деканатынан алуға болады.

Сіз е-Сервистер тарауында Студенттің жеке жұмыс бөлмесі сілтемесінен авторизациялаудан кейін өзіңіз туралы ақпаратты, өз оқу жоспарыңызды, өз үлгеріміңізді және т.с.с. көре аласыз. Бұл функционалдан барлық студенттер, қашықтықтан білім беру технологиясын пайдаланып оқуына, оқымауына қарамастан, деректер ала алады. Сонымен қатар жеке кабинетте Сіз деканаттан, тіркеуші офісінен, кафедралардан маңызды хабарландырулар ала аласыз. Маңызды хабарландырулармен танысу үшін «Жеке кабинет» жүйесіне жиі кіру ұсынылады.

10 Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ студенттерінің құқықтары мен міндеттері

Университетте “Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-да оқытындарға арналаған Ішкі тәртіп ережелері” (одан әрі – Ереже) әрекет етеді, онда университет студенттерінің құқықтары мен міндеттері, сонымен қатар университет әкімшілігінің білім алушыларға қатысты құқықтары мен міндеттері нақтыланған. Берілген құжат білім беру порталында («Білім алушыға» қосымшасында – «Нормативті құжаттар») орналасқан

«Болонь үдерісі тұрғысындағы академиялық икемділік» атты Халықаралық семинарда (2010ж. 13-15 мамыр, Талдықорған қ.) жоғары оқу орындары қоғамдастығы Студенттердің ар-намыс кодексін қабылдады.

Студенттің ар-намыс кодексі

Студент Қазақстан Республикасының лайықты азаматы атануға, өзі таңдаған мамандықтың кәсіпқойы болуға, өз бойында шығармашылық тұлғаның ең жақсы қасиеттерін дамытуға ұмтылады.

Студент жасы үлкен адамдарды құрметтей біледі, айналасындағы тұлғалармен қарым-қатынас құруда дөрекілік мінез көрсетпейді, және де әлеуметтік қорғалмаған адамдарға жанашырлық танытып, оларға мүмкіндігінше қамқоршы болады.

Студент – парасаттылық, мәдениеттілік пен адамгершілік үлгісі, әдепсіздікке қарсы тұрып, жыныстық, ұлттық немесе діни белгісі бойынша кемсітушілікке жол бермейді.

Студент салауатты өмір салтын ұстанып, зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстайды.

Студент жоғары оқу орынның дәстүрлерін құрметтейді, оның мүлігін сақтап, Студенттер үйінің тазалығы мен тәртібін қадағалайды.

Студент шығармашылық белсенділікті (ғылыми-білім беру, спорттық, көркемөнер және т.с.с.) дамытуға, жоғары оқу орынның корпоративтік

мәдениеті мен атағын көтеруге бағытталған кез-келген іс-әрекетті қажетті әрі пайдалы деп мойындайды.

Студент жоғары оқу орнынан тыс жерде де, өзінің жоғары мектептің өкілі болып табылатынын ұмытпай, оның ар-намысы мен абыройын түсірмеу үшін барлық күшін жұмсайды.

Студент академиялық ұқыпсыздықтың барлық түрлерімен күресуді өзінің парызы деп санайды, соның ішінде: білімді бақылау тәртібін өткізу кезінде басқа адамдардан көшіру және көмек сұрау; кез-келген көлемдегі дайын оқу материалдарын (рефераттар, курстық, бақылау, дипломдық және басқа да жұмыстар), Интернет-ресурстарын қоса, өзінің жеке еңбегінің нәтижелері ретінде ұсыну; жоғары баға алу үшін өзінің туыстық немесе қызметтік байланыстарын пайдалану; оқу сабақтарына келмеу, оларға кешігіп келу және оларды себепсіз жағдаймен босату.

Студент академиялық ұқыпсыздықтың жоғарыда аталған барлық түрлерін Қазақстанның болашақтағы экономикалық, саяси және басқарушылық зиялыларына лайықты болатын, сапалы әрі бәсекеге қабілетті білім алу мақсатымен мүлдем үйлеспейді деп санайды.

11 2017-2018 оқу жылына арналған Академиялық күнтізбе (күндізгі оқу түрі)

Студенттерді университетке қабылдау	10 тамыз - 28 тамыз
Қазақстан Республикасының Конституция күні	30 тамыз
Бағдарлау аптасы, 1 курс студенттеріне арналған элективті пәндерді ұсыну және тіркеу	28 тамыз – 2 қыркүйек
Құрбан айт	1 қыркүйек
Күзгі семестр	
Күзгі семестрдің басталуы	4 қыркүйек
1 межелік бақылау	23 қазан - 28 қазан
Қазақстан Республикасының бірінші Президентінің Күні	1 желтоқсан
2 межелік бақылау	11 желтоқсан - 15 желтоқсан
Күзгі семестрдің аяқталуы	15 желтоқсан
Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күні	16-17 желтоқсан
Қысқы емтихандық сессия	19 желтоқсан – 6 қаңтар
Жаңа жыл	1-2 қаңтар
Рождество	7 қаңтар
Каникулдар	8 қаңтар - 20 қаңтар
<i>Теориялық оқыту</i>	<i>15 апта</i>
<i>Қысқы сессия</i>	<i>3 апта</i>
<i>Қысқы каникул</i>	<i>2 апта</i>
Көктемгі семестр	
Көктемгі семестрдің басталуы	22 қаңтар
Халықаралық әйелдер күні	8 наурыз
Наурыз мейрамы	21-23 наурыз
1 межелік бақылау	12 наурыз – 17 наурыз
Қазақстан халықтарының бірлігі мейрамы	1 мамыр

Қазақстан Отан қорғаушысының күні	7 мамыр
Жеңс күні	9 мамыр
2 межелік бақылау	30 сәуір – 5 мамыр
2 межелік бақылау (5В012000 мамандығының 1 курсы)	8 мамыр – 12 мамыр
Көктемгі семестрдің аяқталуы	5 мамыр
Көктемгі семестрдің аяқталуы (5В012000 мамандығының 1 курсы)	12 мамыр
2018-19 оқу жылына арналған элективті курстарды ұсыну	26 ақпан - 10 наурыз
2018-19 оқу жылына арналған элективті курстарды тіркеу	12 наурыз – 24 наурыз
Көктемгі емтихандық сессия	8 мамыр – 26 мамыр
Көктемгі емтихан сессия (5В012000 мамандығының 1 курсы)	14 мамыр – 26 мамыр
Барлық іс-тәжірибе түрлері, бітіруші курстардан басқа	28 мамыр – 18 шілде
Психологиялық-педагогикалық іс-тәжірибе (5В012000 мамандығының 1 курсы)	5 наурыз – 10 наурыз
Педагогикалық іс-тәжірибе (5В012000 мамандығының 3 курсы)	29 қаңтар – 17 ақпан
Диплом алдындағы іс-тәжірибе (4,5 курс)	22 қаңтар – 31 наурыз
Бітіруші курс студенттері үшін шолу дәрістері (мемлекеттік емтиханға дайындық)	2 сәуір – 7 сәуір
Мамандық бойынша мемлекеттік емтихан	9 сәуір – 21 сәуір
Дипломдық жобаны (жұмысты) орындау	23 сәуір – 12 мамыр
Дипломдық жобаны (жұмысты) плагиатқа тексеру	30 сәуір – 12 мамыр
Дипломдық жобаны (жұмысты) қорғауға дайындау	14 мамыр – 26 мамыр
Дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау, қосымша мемлекеттік емтихандар	28 мамыр – 9 маусым
жазғы семестр	4 маусым – 14 шілде
Астана күні	6 шілде
Оқу жиыны (әскери кафедра)	23 шілде – 25 тамыз
Каникулдар	19 шілде – 31 тамыз
<i>Теориялық оқыту</i>	<i>15 апта</i>
<i>Көктемгі сессия</i>	<i>3 апта</i>
<i>Жазғы каникулдар</i>	<i>7 апта</i>

12 Қоңырау соғу кестесі



08.00 - 08.50
08.55 - 09.45
09.55 - 10.45
10.50 - 11.40
12.00 - 12.50
12.55 - 13.45
13.55 - 14.45
15.00 - 15.50
15.55 - 16.45
16.55 - 17.45
17.50 - 18.40



13 Студенттердің бос уақытын ұйымдастыру

Университет студенттері мен қызметкерлерінің шығармашылық қабілеттілігін іске асыратын **Ақпараттық-шығармашылық бөлімше (АШБ)** университеттің маңызды құрылымдық бөлімшелерінің бірі болып табылады.

Университет студенттері оқудан басқа келесі қызмет салаларында қатысу арқылы өзін-өзі іске асыру мүмкіншілігі бар

- домбыра үйірмесіне қатысу;
- вокалды-эстрадалық студияда қатысу;
- «Бірінші курс дарындары», «Студенттік көктем», КВН, «ШҚМТУ Аруы» көрме-конкурстарына қатысу;
- «Талант» пресс-клубында қатысу;
- дебатты клубта қатысу;
- студенттік өзін-өзі басқару жұмысына қатысу;
- студенттік еңбек отрядтарында жұмыс істеу.

Университетте тақырыптамалық кештер, концерттік-көрініс іс-шаралары, факультетаралық конкурстар: «Бірінші курс таланттылары», «Студенттік көктем», «КВН фестивалі», «ШҚМТУ Аруы», «Би алаңшасы», «Мектептік бал» қалалық іс-шарасы және т.б. үнемі өткізіледі. Университеттің көркемөнер ұжымдары қалалық, облыстық және республикалық іс-шараларға, конкурстарға, фестивальдерге белсенді қатысып, көрермендерге танымал болумен бірге, медалдармен, грамоталармен және дипломдармен марапатталды.

Ақпараттық-шығармашылық бөлімнің жетекшісі – Құмарханова Арайлым Құмарханқызы, тел. 540-048.

Университетте спорттық іс-шараларға көп көңіл бөлінеді. Спорт клубы жұмыс істейді, ол дене тәрбиесі және спорт кафедрасымен бірлесіп, жоғары оқу орнында үлкен көпшілік-спорт жұмысын атқарады. Университет студенттері, оқытушылары мен қызметкерлері арасында үнемі байқаулар,

конкурстар және кешенді спартакиадалар өткізіледі. Неғұрлым жаппай өтетін жыл сайынғы іс-шаралар – «Президенттік миля – денсаулық жолы» атты жеңіл атлетикадан өтетін күзгі кросс, университет ректоры Кубогының жеңімпазы атануға бірінші курста оқитындар спартакиадасы, факультетаралық спартакиада. Университет үш спорт залына, шаңғы базасына, тренажер залына, жүгіру жолдары мен футбол алаңы, волейбол мен баскетбол алаңшалары бар спорттық кешенге ие.

14 Университет бөлімшелерінің атаулары және байланыс жасау ақпараты


Рет-тік №	Бөлімшелер, бөлім	Жетекшінің, жауаптының аты-жөні	Дәрісхана	Телефон
<i>Әкімшілік корпус – Протозанов көшесі, 69</i>				
1	Ректордың қабылдау бөлмесі	Ректор – Шаймарданов Жасулан Кудайбергенович	2-қабат	26-28-89
2	Ғылым және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың қабылдау бөлмесі	Ғылым және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор – Гавриленко Олег Дмитриевич	3-қабат	26-05-40
3	Бухгалтерия (студенттермен жұмыс істеу бөлімі)		4-қабат	21-10-55
4	Редакциялық- баспа орталығы	Жетекшісі - Николаенко Оксана Николаевна	1-қабат	24-54-29
<i>Бас корпус – Серікбаев көшесі, 19</i>				
5	Оқу және әдістемелік жұмыс жөніндегі проректордың қабылдау бөлмесі	Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор – Рахметуллина Сауле Жадыгеровна	Г-1-205	540-495
6	Академиялық қызмет бойынша басқарма	Академиялық қызмет бойынша басқарма бастығы – Тажибаева Гаухар Баранбаевна	Г-1-207	54-04-95
7	Тіркеуші офісі	Бастық – Егорова Елена Анатольевна	Г-1-235 (бағана залы)	540-498
8	Әлеуметтік және шаруашылық қызметі бойынша проректордың қабылдау бөлмесі	Әлеуметтік және шаруашылық қызметі бойынша проректор - Мещанов Нурлан Туленбергенович	1 қабат	540-514
9	Кітапхана (оқу залы, компьютерлік залдар, каталогтар бөлімі, ксерокс)	Жетекшісі – Бегимова Риза Бабашқызы	Г-Б-100 Г-Б-101	540-187
10	Тәрбие жұмысы бойынша және әлеуметтік даму бақармасы	Тәрбие жұмысы бойынша және әлеуметтік даму бақармасы - Теміржан Ринат Қайркелдіұлы	Г1-202	540-567
11	Студенттік шығармашылық бөлімі		Г1-201	540-048
12	Жастар істері бойынша комитет		Г1-201	540-048

13	Медициналық орталық	Темирханова Жанат Аспаняровна	Бағана залы, 2 этаж	540-556
14	Студенттік кітапхананың абонементі	Бас корпус, бағана залы	Бас корпус, бағана залы	
<i>Сәулет-құрылыс факультеті</i>				
15	Деканат	Декан – Хапин Александр Владимирович	Г-2-322	540-940
16	Сәулет өнері және дизайн кафедрасы	Феоктистова Елена Александровна	Г-2-204 Г2-205	
17	Құрылыс кафедрасы	Руденко Ольга Владимировна	Г-2-402	540-735
18	Жалпыинженерлік пәндер даярлау кафедрасы	Мелкозёрова Людмила Яновна	Г-1-424	540-707
<i>Инженерия факультеті</i>				
19	Деканат	Декан – Дудкин Михаил васьильевич	Г-2-322	540-231
20	Су және орман қорлары кафедрасы	Асанғалиев Елибек Атрауович	Г-2-103	540-596
21	Технологиялық машиналар мен көлік кафедрасы	Муздыбаева Альфия Сеитовна	Г-1-401	540-461
22	Машинажасау кафедрасы	Вдовин Владимир Николаевич	Г-1-428	541-476
23	Қазақстан тарихы және Қазақстан халықтары Ассамблеясы кафедрасы	Айдарбаева Раушан Кайсановна	Г-1-330 Г-1-329	540-903
<i>Жер туралы ғылымдар факультеті</i>				
24	Деканат	Декан – Бубняк Андрей Николаевич	Г-1-204	540-352
25	Геология және кен ісі кафедрасы	Нуршайықова Гульнур Тлеубергеновна	Г-3-412	540-919
26	Геодезия, картография және кадастр кафедрасы	Рахымбердина Маржан Есенбековна	Г-3-316 Г-3-319	540-776
27	Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау кафедрасы	Букунова Альмира Шошановна	Г-3-407	540-284
28	Түсті металлургия және сирек металдар кафедрасы	Асанов Даулет Асанович	Г-1-410	540-911
29	Химия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы	Әділқанова Меруерт Әділқанқызы	Г3-423а	
30	Дене тәрбиесі және спорт кафедрасы	Даумов Болатбек Айшабекович	Г-Б-207 Г-Б-208	540-995
31	Қазақстан тарихы және құқық кафедрасы	Айдарбаева Раушан Кайсановна	Г1 – 329 Г1 - 330	540-903
31	Шетел тілдері кафедрасы	Сарсембаева Арайлы Алибековна	Г2 – 311а Г2 - 316	540-951
<i>Бизнес және кәсіпкерлік мектебі</i>				
32	Деканат	Декан – Конурбаева Жадыра Тусупкановна	Г-3-320 Г-3-321	
33	Қаржы, есеп және салық салу кафедрасы	Мадиярова Эльвира Собетоллаевна	Г-3-316 Г-3-323	
34	Инженер кәсіпкерлік	Денисова Оксана Касымовна	Г-3-318	540-206

	кафедрасы		Г-3-314	
35	Қазақ, орыс тілдері кафедрасы	Асавбаева Гульзада Байдрахмановна	Г-2-306 Г-2-307	540-392
36	Инновация менеджменті кафедрасы	Рахимбердинова Мадина Умарғалиевна	Г-3-318	
Ақпараттық технологиялар және энергетика мектебі				
37	Деканат	Декан – Денисова Наталья Федоровна	Г-3-204 Г-3-205	540-668
38	Математикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасы	Рахметуллина Женисгуль Толеухановна	Г-3-316 Г-3-323	
39	Жаңа технологиялар және автономды өнеркәсіптегі материалдар кафедрасы	Сегеда Тамара Александровна	Г-1-222	540-206
40	Аспаптар құру және технологиялық үдерістерді автоматтандыру кафедрасы	Кабланбеков Болат Мукаметкалиевич	Г-3-217	540-586
41	Ақпараттық технологиялар кафедрасы	Кумаргажанова Сауле Кумаргажановна	Г-3-313	
42	Энергетикасы кафедрасы	Акаев Айбек Муратбекович	Г-1-313	
44	Техникалық физика және материалтану кафедрасы	Плотников Сергей Викторович	Г-1-306	540-043
45	Әскери кафедра	Бастық – Манцуров Олег Александрович	5 корпус	76-57-51

15 Университет корпустарының орналасу жоспары

- Серікбаев көшесі, 19 мекен-жайы бойынша орналасқан кешен (бас корпус, спорт-кешен)



Университеттің Бас корпусының бөліктері мен дәрісханаларының атаулары (Серікбаев көшесі, 19) төмендегі сызба бойынша жүзеге асырылады:

- [корпустың атауы] - [корпустың орналасу орны]
- [дәрісхана нөмірі, ондағы бірінші цифра қабатты білдіреді]

Мысалы:

- Г-1-411 дәрісханасы – бас корпустың (орталық кіру орны) 4 қабатында орналасқан;

- Г-2-221 дәрісханасы – бас корпустың (орталық кіру орнынан оңға қарай) 2 қабатында орналасқан;

- Г-3-121 дәрісханасы – бас корпустың (орталық кіру орнынан солға қарай) 1 қабатында орналасқан.

Әкімшілік корпус – Протозанов көшесі, 69;

2-ші корпус – Тәуелсіздік даңғылы, 4;

Әскери кафедра – Дзержинский көшесі, 7/2.

16 Нормативті құжаттар

Анықтамалық-жолсілтемені әзірлеген кезде төмендегі нормативті құжаттар пайдаланылды:

- Оқу үдерісін кредиттік оқу технологиясы бойынша ұйымдастыру ережесі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 20.04.2011ж. №152 бұйрығымен бекітілген(2014ж.20.04 өзгертулер мен толықтырулары бар);

- Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жасаудың, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің типтік ережесі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 18.03.2010ж. №125 бұйрығымен бекітілген (ҚР Білім және ғылым Министрінің 30.01.2017 №36 бұйрығына сәйкес өзгерістер);

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысы" (2016ж.13.05. өзгертулер мен толықтырулары бар,Қазақстан Республикасы Үкіметінің №292 Қаулысы)

- 807-IV-2015 ШҚМТУ ҚТ «Білім алушылардың білімін межелік бақылау»;

- 808- IV-2016 ШҚМТУ ҚТ «Білім алушылардың білімін қорытынды бақылау және бағалау»;

- 706-V-2016 ШҚМТУ ҚТ «Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ-да білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау ережелері»;

- «Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-да білім алушыларға арналған ішкі тәртіп ережелері».

Анықтамалық-жолсілтемені Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-дың Тіркеуші офисі әзірлеген.

Жұмыстарды басқарушы:

Тіркеуші офисінің бастығы, Е.А. Егорова